



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

Енгізілген өзгерістер мен толықтырулар

20 16 ж. « 14 » қараша

БСН 930340001235

№ 2918-1900-АО

Бастапқы тіркелген күні

1993 ж. « 03 » қаурыз



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

Занды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу
20 05 ж. « 05 » маусым ЖҮРГІЗІЛДІ

БСН 930340001235

№ 2918-1900-АО

Бастапқы тіркелген күні

1993 ж. « 03 » қаурыз

«Алматы қаласындағы Қытай сауда-өнеркәсіп Банкі»
акционерлік қоғамының
ЖАРҒЫСЫ

акционердің 2016 жылғы «10» қазандағы
шешімімен бекітілген

Алматы қаласы
2016 жыл

Бұдан әрі - Банк деп аталатын «Алматы қаласы Қытай сауда-өнеркәсіп Банкі» Акционерлік қоғамының осы Жарғысы Банктің құқықтық мәртебесін, құрылымын, функцияларын, қызмет қағидаларын белгілейді.

Банк шетелдік қатысу бар еншілес банк болып табылады. Банктің жалғыз құрылтайшысы және акционері бұдан әрі мәтін бойынша - акционер деп аталатын, Қытай Халық Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және қызметін жүзеге асыратын заңды тұлға – Қытай сауда-өнеркәсіп Банкі акционерлік қоғамы болып табылады.

Банк өзінің қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңын және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік актілерін және осы Жарғыны басшылыққа алады.

I-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Банктің атауы

1) Орыс тілінде:

Толық: Акционерное общество «Торгово-промышленный Банк Китая в городе Алматы».

Қысқартылған: АО «ТПБК» в г. Алматы.

2) Қазақ тілінде:

Толық: «Алматы қаласындағы Қытай сауда-өнеркәсіп Банкі» Акционерлік Қоғамы.

Қысқартылған: Алматы қаласындағы «ҚСӨБ» АҚ.

3) Ағылшын тілінде:

Толық: Industrial and Commercial Bank of China (Almaty) JSC.

Қысқартылған: ICBC (Almaty) JSC.

«Алматы қ. Қытай сауда-өнеркәсіп Банкі» АҚ 1993 жылғы «03» наурызда тіркелген және 2005 жылғы «05» мамырда қайта тіркелген.

2-бап. Банктің құқықтық мәртебесі

1. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес заңды тұлға болып табылады, меншік құқығында оқшауландырылған мүлікке ие және өзінің міндеттемелері бойынша осы мүлікпен жауап береді, өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді сатып алуы және жүзеге асыруы мүмкін, сотта талапкер және жауапкер бола алады.

Банктің ресми мәртебесі Қазақстан Республикасының әділет органдарында Банк ретінде заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеумен және қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі өкілетті органның (бұдан әрі мәтін бойынша – өкілетті орган) банктік операцияларды жүргізуге лицензиясының бар болуымен анықталады.

2. Банктің меншік нысаны – жеке.

3. Банк Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында және одан тыс жерлерде басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

3-бап. Банктің және оның акционерлерінің жауапкершілігі

1. Банк өзіне тиесілі барлық мүліктермен өзінің міндеттемелері бойынша жауапкершілікті көтереді.

2. Банк өзінің акционерлерінің міндеттемелері бойынша жауапкершілікті көтермейді.

3. Акционерлер Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Заңмен қарастырылған жағдайларды есептемегенде оларға тиесілі акциялардың құны шектерінде Банктің қызметімен байланысты шығындар тәуекелін көтереді.

4. Банк немесе мемлекет өздеріне жауапкершілікті қабылдаған жағдайларды есептемегенде, Банк мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал мемлекет Банктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

4-бап. Банктің міндеттемелері

1. Банк мөрге, бланктерге, эмблемаға және өзінің қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге де деректемелерге ие.
2. Банктің деректемелері Банктің бір немесе бірнеше жұмыс істеу тілдерінде: қазақ, орыс, қытай, ағылшын тілдерінде рәсімделеді.

5-бап. Банктің әрекет ету мерзімі

1. Банктің әрекет ету мерзімі шектелмеген.

6-бап. Банктің атқарушы органының орналасқан орны

1. Банктің атқарушы органының орналасқан орны: ҚР, 050046, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Абай даңғылы, Тұрғыт Өзал көшесінің қиылысы, 150/230 үй, 845, 846 жайлар, 7-блок.

II-тарау. Банктің қызметі

7-бап. Банк қызметінің түрлері

1. Банк өкілетті органның лицензиясы бар болған жағдайда банктік операциялардың келесі түрлерін жүргізуге құқылы:

- 1) заңды тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- 2) жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау, банктік шоттарын ашу және жүргізу;
- 3) банктердің және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың корреспонденттік шоттарын ашу және жүргізу;
- 4) жеке және заңды тұлғалардың металл шоттарын банктердің ашуы және жүргізуі, онда аталған тұлғаға тиесілі тазартылған асыл металдарының және асыл металдардан жасалынған тиындарының нақты мөлшері көрсетіледі;
- 5) кассалық операциялар: банктердің және поштаның Ұлттық операторымен айырбастауды, ауыстыруды, қайта есептеуді, сұрыптауды, қаптауды және сақтауды қоса қолма-қол ақшаларды қабылдауы және беруі;
- 6) аудару операциялары: жеке және заңды тұлғалардың ақша аудару және төлеу жөніндегі тапсырмаларын орындау.
- 7) есепке алу операциялары: вексельдерді есепке алу (дисконты) және жеке және заңды тұлғалардың өзге борышқорлық міндеттемелерін есепке алу;
- 8) банктік қарыздық операциялар: төлемділік, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен ақшалай түрде несие беру;
- 9) қолма-қол шетелдік валютамен айырбастау операцияларын ұйымдастыруды қоса шетелдік валютамен айырбастау операцияларын ұйымдастыру;
- 10) банкноттарды, тиындарды және құндылықтарды инкассациялау;
- 11) төлем құжаттарын (вексельдерді есептемегенде) инкассоға қабылдау;
- 12) аккредитивті ашу (ұсыну) және растау және ол бойынша міндеттемелерді орындау;
- 13) банктердің ақшалай түрде орындауды қарастыратын банк кепілдіктерін берулері;
- 14) банктердің банктік кепілгерлікті және ақшалай түрде орындауды қарастыратын үшінші тұлғалардың өзге міндеттемелерін берулері.

2. Банк өкілетті органның лицензиясы бар болған жағдайда келесі операцияларды жүзеге асыруға құқылы:

- 1) тазартылған асыл металдарды (алтын, күміс, платина, платина тобының металдары) құймаларда, асыл металдардан жасалынған тиындарды сатып алу, кепілге қабылдау, есепке алу, сақтау және сату;

- 2) вексельдермен операциялар: вексельдерді инкассоға қабылдау, төлеушіге вексельдермен төлеу, сонымен қатар домицилийленген вексельдерді төлеу жөніндегі қызметтерді беру, делдалдық тәртібінде вексельдердің акцептісі;
 - 3) лизингтік қызметті жүзеге асыру;
 - 4) меншікті бағалы қағаздарды шығару (акцияларды есептемегенде);
 - 5) факторингтік операциялар: төлемеу тәуекелін қабылдаумен сатып алушыдан тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) төлеуді талап ету құқықтарын сатып алу;
 - 6) форфейтингілеу операциялары (форфетингтеу): сатушыға айналымсыз вексельдерді сатып алу арқылы сатып алушының тауарлары (жұмыстар, қызметтер) борышқорлық міндеттемелерін төлеу;
 - 7) сенімгерлік операциялар: сенім білдірушінің мүддесінде және тапсырмасы бойынша ақшаларды, ипотекалық қарыздар және тазартылған асыл металдар бойынша талап ету құқықтарын басқару;
 - 8) сейфтік операциялар: сейфтік жәшіктерді, шкафтарды және үй-жайларды жалға беруді қоса, клиенттердің құжаттамалық түрде шығарылған бағалы қағаздарын, құжаттарын және құндылықтарын сақтау жөніндегі қызметтер.
3. Банк өкілетті органның лицензиясы бар болған жағдайда бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметтің келесі түрлерін жүзеге асыруға құқылы:
- 1) брокерлік – ҚР және өкілетті органның шешімі бойынша рейтингтік агенттіктердің біреуінің немесе ондайсыз ең төменгі қажетті рейтингіне ие елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен, базалық активтерді сатып алу тәртібі мен тізімі өкілетті органмен анықталатын туынды қаржылық құралдармен және туынды бағалы қағаздармен;
 - 2) дилерлік – ҚР және өкілетті органның шешімі бойынша рейтингтік агенттіктердің біреуінің немесе ондайсыз ең төменгі қажетті рейтингіне ие елдердің мемлекеттік бағалы қағаздарымен, базалық активтерді сатып алу тәртібі мен тізімі өкілетті органмен анықталатын туынды қаржылық құралдармен және туынды бағалы қағаздармен, 1995 жылғы 31 тамыздағы №2444 «ҚР банктер және банк қызметі туралы» ҚР Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 8-бабымен белгіленген жағдайларда өзге бағалы қағаздармен;
 - 3) кастодиандық;
 - 4) трансфер-агенттік
4. Банк банктік заңнамаға және өкілетті органның лицензиясына сәйкес банктік және өзге операцияларды жүзеге асырады.

III-тарау. Банктік мүлкі мен капиталы

8-бап. Банктің мүлкі

1. Банктің мүлкі оған меншік құқығында тиесілі.
2. Банктің мүлкі:
 - 1) акционерлердің жарғылық капиталға салымдары;
 - 2) қызметтің нәтижесінде алынған табыстар;
 - 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа негіздер бойынша сатып алынған өзге мүліктер есебінен қалыптасады.

9-бап. Банктік жарғылық және меншікті капиталы

1. Банктің жарғылық капиталы құрылтайшылардың (жалғыз құрылтайшының) акцияларды олардың номиналды құны бойынша төлеуі және акцияларды Заңның талаптарына сәйкес белгіленген орналастыру бағасы бойынша инвесторларға (инвесторға) сату арқылы қалыптасады.
2. Акционерлердің жарғылық капиталға салымдары тек Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасындағы ақшалардан ғана тұрады.
3. Акционерлердің Банктің мүлкіндегі үлестері олардың жарғылық капиталға салымдарына мөлшерлес болады.

4. Банк акцияларды құжаттамалық емес түрде шығарады. Тізілімді жүргізу бірыңғай бағалы қағаздарды тіркеушімен жүзеге асырылады.
 5. Акционерді акцияларды төлеу міндетінен босатуға, соның ішінде Банкке талаптарды есепке алу арқылы босатуға жол берілмейді.
 6. Банктің меншікті капиталы – бұл Банктің міндеттемелерінің сомаларын шегерумен оның активтерінің құны, онда активтердің құны Банктің активтерінің бастапқы құнынан берілген қарыздар және басқа активтер бойынша қажетті қорлардың (азық-түліктердің) сомаларын шегеру арқылы есептеледі.
- Егер Банктің міндеттемелерінің сомасы оның активтерінің құнынан асатын болса, Банктің капиталы теріс болады.

10-бап. Жарғылық капиталды өзгерту

1. Жарғылық капиталды өзгерту Банктің жарғылық капиталын ұлғайту арқылы жүзеге асырылады.
 2. Құрылтайшылармен төленетін жарғылық капиталдың мөлшері Банктің жарғылық капиталының ең төменгі мөлшерінен кем емес болуы және Банкті заңды тұлға ретінде тіркеген күннен бастап отыз күннің ішінде құрылтайшылармен толық төленуі керек.
- Банктің жарғылық капиталын ұлғайтуға акционерлердің жалпы жиналысының (жалғыз құрылтайшының) немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес соттың шешімімен акцияларды шығару және орналастыру арқылы рұқсат беріледі.

11-бап. Акциялар және басқа да бағалы қағаздар

1. Банк қарапайым акцияларды немесе қарапайым және артықшылықты акцияларды шығаруға құқылы. Банк акцияларды өзінің жарғылық капиталының мөлшерінде шығарады.
2. Акциялардың құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында көрсетіледі.
3. Акция бөлінбейді.
4. Қарапайым акция акционерге дауыс беруге шығарылған барлық мәселелерді шешу кезінде дауыс беру құқығымен акционерлердің жалпы жиналысына қатысу құқығын, Банкте таза табыс болған кезде дивиденттерді, сонымен қатар Банктің жойылуы кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте оның мүлкінің бөлігін алу құқығын береді.
5. Банк шығару, орналастыру, айналысы және өтеу шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленетін басқа да бағалы қағаздарды шығаруға құқылы.
6. Банкке «алтын акцияны» шығаруға тыйым салынады.

12-бап. Құрылтайшы және акционерлер. Банктің акционерлерінің құқықтары мен міндеттері.

1. Банктің Жалғыз құрылтайшысы және акционері «Қытай сауда-өнеркәсіп Банкі» Акционерлік Қоғамы болып табылады.
2. Акционер:
 - 1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте Банкті басқаруға қатысуға;
 - 2) Дивидендтерді алуға;
 - 3) Банктің қызметі туралы ақпаратты алуға, соның ішінде акционерлердің жалпы жиналысымен немесе Банктің жарғысымен белгіленген тәртіпте Банктің қаржылық есептілігімен танысуға;
 - 4) Тіркеушіден немесе атаулы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелерді алуға;
 - 5) Банктің акционерлерінің жалпы жиналысына Банктің директорлар кеңесіне сайлау үшін үміткерді ұсынуға;

- 6) Банктің органдары қабылдаған шешімдермен сот тәртібінде дауласуға;
- 7) Банкке оның қызметі туралы жазбаша сұратуларды жіберуге және сұратудың Банкке түскен күнінен бастап отыз күннің ішінде дәлелді жауаптарды алуға;
- 8) Банктің жойылуы кезінде мүліктің бөлігін алуға;
- 9) Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте Банктің акцияларын немесе оның акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды артықшылықты сатып алуға құқылы.

2. Ірі акционер сонымен қатар:

- 1) Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе директорлар кеңесінің акционерлердің жалпы жиналысын шақырудан бас тартуы жағдайында оны шақыру туралы талап арызбен сотқа жүгінуге;
- 2) Директорлар кеңесіне осы Заңға сәйкес акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша сұрақтарды қосуды талап етуге;
- 3) Директорлар кеңесінің жиналысын шақыруды талап етуге;
- 4) Өзінің есебінен аудиторлық ұйымның Банкте аудитті өткізуін талап етуге құқылы.

3. Осы баптың 2 және 3 тармақтарымен белгіленген акционерлердің құқықтарын шектеуге жол берілмейді.

4. Банктің акционері:

- 1) Акцияларды төлеуге;
- 2) Тіркеушіге және акцияларды атаулы ұстаушыға 10 (Он) күннің ішінде Банктің акцияларын ұстаушылардың тізілімін жүргізу үшін қажетті мәліметтердің өзгеруі туралы хабарлауға;
- 3) Қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты жарияламауға;
- 4) Заңға және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілеріне сәйкес басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

13-бап. Банктің Жарияланған акцияларды шығаруын мемлекеттік тіркеу

1. Банк оны заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеген күннен бастап немесе акционерлердің жалпы жиналысының жарияланған акциялардың санын ұлғайту туралы шешімді қабылдаған күнінен бастап бір айдың ішінде жарияланған акцияларды шығаруды мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды беруге міндетті.

Жарияланған акцияларды шығаруды мемлекеттік тіркеу тәртібі өкілетті органмен белгіленеді.

14-бап. Банктің акцияларын орналастыру

1. Банк шығаруды мемлекеттік тіркегеннен кейін өзінің акцияларын орналастыруға құқылы. Акцияларды орналастыру аукциондар, жазылу арқылы жүзеге асырылады. Банкпен жазылу арқылы орналастырылатын акциялар директорлар кеңесімен белгіленген орналастыру бағасы бойынша сатылуға тиісті, бұл ретте акцияларды орналастыру бағасы осы орналастыру аясында акцияларды сатып алатын барлық тұлғалар үшін бірдей болуы керек.

15-бап. Банктің акцияларын ұстаушылардың тізілімі

1. Банктің акцияларын ұстаушылардың тізілімін жасауды, жүргізуді және сақтауды тек Банктің тіркеушісі ғана жүзеге асыра алады, ол Банктің және оның үлестес тұлғаларының үлестес тұлғасы болмауы керек.
2. Банктің акцияларын ұстаушылардың тізілімін жасау, жүргізу және сақтау, сонымен қатар ол туралы ақпаратты өкілетті органға беру тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен анықталады.
3. Банк Банктің акцияларын шығаруды мемлекеттік тіркеу мақсаттарында өкілетті органға құжаттарды бергенге дейін Банктің тіркеушісімен Банктің акцияларын ұстаушылардың

тізілімін рәсімдеу, жүргізу және сақтау бойынша қызметтерді көрсету туралы шартты жасауға міндетті.

4. Банк акцияларды толық төлегенге дейін осы акцияларды Банктің акцияларын ұстаушылардың тізіліміндегі оны сатып алушының шотына енгізу туралы бұйрықты беруге құқылы емес.

16-бап. Банктің акцияларын орналастыру нәтижелері туралы есеп

1. Банк өкілетті органға Банктік жарияланған акцияларын толық орналастырғанға дейін әрбір алты айдың (есептік жартыжылдық аяқталғаннан кейін бір айдың ішінде) нәтижелері бойынша немесе оларды толық орналастыруды аяқтағаннан кейін өзінің акцияларын орналастырудың қорытындылары туралы есепті беруге міндетті.

2. Орналастыру нәтижелері туралы есептің мазмұны мен беру тәртібі және осы есепті бекіту өкілетті органмен белгіленеді.

17-бап. Банктің орналастырылатын акцияларын төлеу

1. Банктің орналастырылған акцияларын төлеу үшін тек ақша ғана қабылданады.

2. Жарияланған акцияларды бағалы қағаздардың бастапқы нарығында орналастыру кезінде Банктің өзінің акцияларын сатып алуға рұқсат берілмейді.

18-бап. Банктің таза табысы

1. Банктің шаруашылық қызметінің нәтижесінде алынған, салықтарды және бюджетке басқа міндетті төлемдерді төлегеннен кейін қалған оның таза табысы Банктің меншігінде қалады және Банктің қорларын толықтыру және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес акциялар бойынша дивидендтерді төлеу үшін пайдаланылады.

2. Банк банктік қызметті жүзеге асырумен байланысты шығындарды жабу мақсатында қарапайым акциялар бойынша дивидендтерді төлегенге дейін таза табыстың есебінен динамикалық резервті және басқа қорларды құрады. Құрылған қорлар осы қорлар туралы ережелерге сәйкес мақсатты түрде пайдаланады.

3. Банк қолданыстағы заңнамамен және өкілетті органның нормативтік құқықтық актілерімен белгіленген ең төменгі мөлшерден төмен емес мөлшерде динамикалық резервті қалыптастырады.

4. Қатысушылардың үлестері олардың жарғылық капиталдағы салымдарына мөлшерлес болады.

5. Қатысушылардың үлестері акциялардың санымен есептеледі.

19-бап. Дивидендтер

1. Банктің акциялары бойынша дивидендтер Банктің иелігіні түсетін таза табыстың есебінен жыл сайын төленуі мүмкін және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына және осы Жарғыға сәйкес акционерлердің арасында бөлінеді.

2. Банктің қарапайым және артықшылықты акциялары бойынша дивидендтері бойынша төлемдерге рұқсат берілмейді:

1) Меншікті капиталдың теріс мөлшері кезінде немесе егер қоғамның меншікті капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтерді төлеудің нәтижесінде теріс болатын болса;

2) Егер Банк Қазақстан Республикасының банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлемге қабілетсіздік немесе дәрменсіздік белгілеріне жауап берсе немесе аталған белгілер Банкте оның акциялары бойынша дивидендтерді төлеудің нәтижесінде пайда болса;

3) «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы Қазақстан Республикасының заңымен қарастырылған жағдайларда.

3. Бір қарапайым атаулы акцияға есептегендегі түпкілікті дивидендтің мөлшері Банк Басқармасының ұсынысы бойынша Банк акционерлерінің жалпы жиналысымен

анықталады. Дивидендтің мөлшері Банк акционерлерінің жалпы жиналысымен азайтылуы мүмкін.

4. Банктің акциялары бойынша дивидендтер, дивидендтерді төлеу туралы шешім артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді есептемегенде Банктің дауыс беретін акцияларының қарапайым көпшілігімен акционерлердің жалпы жиналысында қабылдануы шартымен ақшалай немесе Банктің бағалы қағаздарымен төленеді.

Банктің акциялары бойынша дивидендтерді оның бағалы қағаздарымен төлеуге тек осындай төлеу акционердің жазбаша келісімінің бар болуы кезінде Банктің жарияланған акцияларымен және онымен шығарылған облигациялармен жүзеге асырылуы шартымен ғана рұқсат беріледі.

Дивидендтерді алуға құқылы акционерлердің тізімі дивидендтерді төлеудің басталу күнінің алдындағы күнде жасалынуы керек.

5. Банк салықтарды және бюджетке басқа міндетті төлемдерді төлегеннен кейін, таза табыстың белгілі бір пайызын қызметшілердің арасында бөлу үшін, соның ішінде ақшалай сыйақы түрінде беру үшін бөлуге құқылы.

IV-тарау. Банктің органдары

20-бап. Банктің органдары болып табылады

1. Жоғарғы орган – акционерлердің жалпы жиналысы (барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі болатын Банкте – аталған акционер);

2. Басқару органы – Директорлар Кеңесі;

3. Атқарушы орган – Банк Басқармасы;

4. Бақылау органы – Ішкі аудит қызметі.

Банктің органдарының құзыреттілігі Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерімен және осы Жарғымен анықталады.

21-бап. Акционерлердің жалпы жиналысы

1. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреттілігіне жатқызылған барлық мәселелер бойынша шешімдер жазбаша түрде рәсімделеді және заңнамаға және акционерлердің жарғысына сәйкес осындай шешімдерді қабылдау құқығына ие өкілетті тұлғамен қол қойылады.

2. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Банк акционерлердің жылдық жалпы жиналысын жыл сайын өткізіп тұруға міндетті. Өзге жалпы жиналыстар кезектен тыс болып есептеледі.

Акционерлердің бірінші жалпы жиналысы жарияланған акцияларды шығаруды мемлекеттік тіркегеннен және акцияларды ұстаушылардың тізілімін жасағаннан кейін шақырылуы және өткізілуі мүмкін.

3. Акционерлердің жыл сайынғы жалпы жиналысында Банктің жылдық қаржылық есептілігі бекітіледі, аяқталған қаржылық жылдағы Банктің таза табысын бөлу тәртібі және Банктің бір қарапайым акциясына есептелген дивидендтердің мөлшері анықталады, акционерлердің қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекеттеріне үндеулері және оларды қарастыру нәтижелері туралы мәселелер қарастырылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы қоғамның акционерлеріне қоғамның директорлар кеңесінің және атқарушы органының мүшелерінің сыйақы мөлшері мен құрамы туралы ақпараттарды береді.

4. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы шешім қабылдау акционерлердің жалпы жиналысының құзыреттілігіне жатқызылған басқа да мәселелерді қарастыруға құқылы.

5. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы қаржылық жыл аяқталғаннан кейінгі бес айдың ішінде өткізілуі керек.

Есептік кезеңде Банктің аудитін аяқтау мүмкін болмайтын жағдайда аталған мерзім үш айға дейін созылған болып есептеледі.

6. Барлық дауыс беретін акциялары бір акционерге тиесілі болған Банкте акционерлердің жалпы жиналысы өткізілмейді. Заңнамамен және Банктің жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыреттілігіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдер осындай акционермен жалғыз қабылданады және осы шешімдердің артықшылықты акциялармен куәландырылған құқықтарды шектемеуі және кемітпеуі шартымен жазбаша түрде рәсімделуге тиісті.

Егер осы 6-тармақпен қарастырылған жағдайларда жалғыз акционер немесе Банктің барлық дауыс беретін акцияларын иеленуші тұлға заңды тұлға болып табылса, онда «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен және Банктің Жарғысымен акционерлердің жалпы жиналысының құзыреттілігіне жатқызылған мәселе бойынша шешімдер Қазақстан Республикасының заңнамасына және заңды тұлғаның Жарғысына сәйкес осындай шешімдерді қабылдауға құқығы бар заңды тұлғаның органымен, лауазымды тұлғаларымен немесе жұмысшыларымен қабылданады.

22-бап. Акционерлердің жалпы жиналысының құзыреттілігі

1. Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Банктің Жарғысына өзгертулер мен толықтыруларды енгізу немесе оны жаңа редакцияда бекіту;
- 2) корпоративтік басқару кодексін, сонымен қатар оған енгізілетін өзгертулер мен толықтыруларды бекіту;
- 3) Банктің өз еркімен қайта ұйымдастырылуы немесе жойылуы;
- 4) Банктің жарияланған акцияларының санын ұлғайту немесе Банктің орналастырылмаған жарияланған акцияларының түрін өзгерту туралы шешімді қабылдау;
- 5) Банктің бағалы қағаздарын айырбастау, сонымен қатар оларды өзгерту шарты мен тәртібін белгілеу;
- 6) Банктің қарапайым акцияларына айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешімді қабылдау; 28.12.11 ж. 28.12.11 ж. 28.12.11 ж.
- 7) орналастырылған бір түрдің акцияларын басқа түрдің акцияларына ауыстыру туралы шешімді қабылдау, осындай ауыстырудың шарты мен тәртібін анықтау;
- 8) есеп комиссиясының мөлшерлік құрамын және өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Директорлар кеңесінің мөлшерлік құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның мүшелерін сайлау және олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар Директорлар кеңесі мүшелеріне өздерінің міндеттерін орындағаны үшін сыйақыларды және шығындарының өтемақыларын төлеу шарттарын және мөлшерін белгілеу;
- 10) Банктің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды анықтау;
- 11) жылдық қаржылық есептілікті бекіту;
- 12) Банктің есептік қаржылық жылдағы таза табысын бөлу тәртібін бекіту, қарапайым акциялар бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімді қабылдау және Банктің бір қарапайым акциясына есептегенде дивидендтің мөлшерін бекіту;
- 13) Банктің қарапайым акциялары бойынша дивидендтерді төлемеу туралы шешімді қабылдау;
- 14) Банктің акцияларының ерікті делистингі туралы шешімді қабылдау;
- 15) Банктің басқа заңды тұлғаларды құруға немесе қызметіне қатысу не жиынтығы Банкке тиесілі барлық активтердің 25 (Жиырма бес) және одан да көп пайызын құрайтын активтердің бөлігін немесе бірнеше бөлігін беру (алу) арқылы басқа заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) құрамынан шығу туралы шешімді қабылдау;
- 16) Банктің Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы акционерлерге (жалғыз акционерге) хабарлама жіберу түрін белгілеу және осындай ақпаратты баспасөз ақпарат құралдарында жариялау туралы шешімді қабылдау;

- 17) «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңға сәйкес ұйымдастырылмаған нарықта Банктің акцияларды сатып алу кезінде олардың құнын анықтау әдістемесін өзгертуді бекіту (егер құрылтай жиналысымен әдістеме бекітілмеген болса, әдістемені бекіту);
 - 18) Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;
 - 19) акционерлерге Банктің қызметі туралы ақпаратты беру тәртібін белгілеу, соның ішінде баспасөз ақпарат құралын белгілеу;
 - 20) Директорлар кеңесінің қызметін және Банктің акционерлердің жиналысын өткізу тәртібін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарды бекіту;
 - 21) нәтижесінде қоғаммен қоғаммен құны мәміле туралы шешімді қабылдау күнінде акционерлік қоғамның активтерінің теңгерімдік құнының жалпы мөлшерінен елу және одан көп пайызды құрайтын мүлік иеліктен шығарылатын (иеліктен шығарылуы мүмкін) ірі мәмілені акционерлік қоғамның жасауын мақұлдау туралы шешімді қабылдау;
 - 22) Банктің нормативтік құжаттарымен, ҚР және (немесе) Банктің Жарғысымен Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыреттілігіне жатқызылған өзге де мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау.
2. Егер «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңмен және ҚР өзге заңнамалық актілерімен басқаша қарастырылмаса, Акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыреттілігіне жатқызылған мәселелерді Банктің басқа органдарының, лауазымды тұлғаларының және жұмысшыларының құзыретіне беруге рұқсат берілмейді.
3. Егер жарғымен өзгеше көрсетілмесе, Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің басқа органдарының Банктің ішкі қызметіне қатысты мәселелер бойынша кез келген шешімдерінің күшін жоюға құқылы.

23-бап. Банктің Директорлар кеңесі

1. Банктің Директорлар кеңесі (бұдан әрі – Директорлар кеңесі) – Қазақстан Республикасының заңнамасымен және осы Жарғымен акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелердің шешімдерін есептемегенде, Банк қызметінің жалпы басшылығын жүзеге асыратын Банк органы.

Директорлар кеңесінің мүшелері ретінде тек жеке тұлғалар ғана бола алады.

2. Директорлар кеңесінің мүшелері:

- 1) Акционерлердің – жеке тұлғалардың;
- 2) Акционерлердің мүдделерінің өкілдері ретінде Директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылған (ұсынылатын) тұлғалардың;
- 3) Басқа тұлғалардың (осы тармақпен белгіленген шектеулерді есепке алумен) қатарынан сайланады.

Акционерлердің жалпы жиналысы Банктің Директорлар кеңесін сайлайды.

Атқарушы органның мүшелері оның басшыларынан басқа Директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Атқарушы органның басшысы Директорлар кеңесінің төрағасы ретінде сайлана алмайды.

Директорлар кеңесінің мүшелерінің саны үш адамнан кем болмауы керек. Қоғамның Директорлар кеңесі құрамының отыз пайыздан кем емес тәуелсіз директорлар болуы керек.

3. Банктің Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне келесі мәселелер жатады:

- 1) Банктің қызметінің басым бағыттарын және Банктің даму стратегиясын белгілеу немесе ҚР заңнамалық актілерімен қарастырылған жағдайларда Банктің даму жоспарын бекіту;
- 2) жылдық және кезектен тыс Акционерлердің жалпы жиналысын шақыру туралы шешімді қабылдау;
- 3) жарияланған акциялардың мөлшері шектерінде акцияларды орналастыру (сату) туралы, соның ішінде орналастырылатын (сатылатын) акциялардың саны, оларды орналастыру (сату) әдісі мен бағасы туралы шешімді қабылдау;
- 4) Банктің орналастырылған акцияларды немесе басқа бағалы қағаздарды сатып алу және оларды сатып алу бағасы туралы шешімді қабылдау;

- 5) Банктің жылдық қаржылық есептілігін алдын ала бекіту;
- 6) Директорлар кеңесінің комитеттері туралы ережелерді бекіту;
- 7) Банктің облигацияларын және туынды бағалы қағаздарын сатып алу шарттарын белгілеу, сонымен қатар оларды шығару туралы шешімді қабылдау;
- 8) атқарушы органның мөлшерлік құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін сайлау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату;
- 9) Басқарма басшысының және мүшелерінің лауазымдық еңбекақыларының мөлшерін және еңбекті төлеу және сыйақы беру шарттарын анықтау;
- 10) ішкі аудит қызметінің мөлшерлік құрамын, өкілеттік мерзімін анықтау, оның басшысы мен мүшелерін тағайындау, сонымен қатар олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі жұмысшыларының еңбекті төлеу және сыйақы беру шарттары мен мөлшерін анықтау;
- 11) корпоративтік хатшы тағайындау, мерзімін анықтау, оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сонымен қатар корпоративтік хатшының лауазымдық еңбекақысының мөлшерін және сыйақы беру шарттарын анықтау;
- 12) қаржылық есептің аудиті үшін аудиторлық ұйымның, сонымен қатар Банктің акцияларын төлеу үшін берілген немесе ірі мәміленің заты болып табылатын мүліктің нарықтық құнын бағалау жөніндегі бағалаушының қызметтерін төлеу мөлшерін анықтау;
- 13) Банктің ішкі қызметін реттейтін құжаттарды (Басқармамен Банктің қызметін ұйымдастыру мақсаттарында қабылданатын құжаттарды есептемегенде), соның ішінде Банктің бағалы қағаздарының аукциондарын және жазылуды жүргізу шарттары мен тәртібін белгілейтін ішкі нормативтік құжатты бекіту;
- 14) Банктің филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдерді қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;
- 15) Банктің басқа заңды тұлғалардың акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (Он) және одан көп пайыздарын сатып алуы (иеліктен шығаруы) туралы шешімдерді қабылдау;
- 16) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 10 (Он) және одан көп пайыздары Банкке тиесілі заңды тұлғаның Акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы жиналысының құзыретіне жататын қызмет мәселелері бойынша шешімдерді қабылдау;
- 17) Банктің міндеттемелерін оның меншікті капиталының 10 (Он) және одан көп пайыздарын құрайтын мөлшерге ұлғайту;
- 18) қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге құпияны құрайтын Банк немесе оның қызметі туралы ақпаратты анықтау;
- 19) Банк жасауға мүдделі ірі мәмілелерді және мәмілелерді жасау туралы шешімдерді қабылдау;
- 20) осы Жарғымен және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қарастырылған, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылмаған өзге мәселелер.

Директорлар кеңесінің айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер шешу үшін Басқармаға берілмейді.

Директорлар кеңесі осы Жарғыға сәйкес оның атқарушы органының құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша шешімдерді қабылдауға, сонымен қатар акционерлердің жалпы жиналысының шешімдеріне қайшы келетін шешімдерді қабылдауға құқылы емес.

4. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған тұлғалар, егер Қазақстан Республикасының заңнамасымен өзгеше қарастырылмаса, шектелмеген түрде қайта сайлана алады.

Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жалпы жиналысымен белгіленеді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі жаңа Директорлар кеңесін сайлау өткізілетін Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу кезінде тоқтатылады.

Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі акционерлердің жалпы жиналысының оның өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы шешімді қабылдаған күнінен бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін оның бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату Директорлар кеңесіне жазбаша хабарламаны жіберудің негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің осындай мүшесінің өкілеттігі Директорлар кеңесінің аталған хабарламасын алған уақыттан бастап тоқтатылады.

Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатқан жағдайда Директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысының шешімімен жүзеге асырылады, бұл ретте Директорлар кеңесінің аталған мүшелерінің өкілеттіктері жалпы Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің аяқталуымен бір уақытта аяқталады.

5. Директорлар кеңесінің төрағасы құпия дауыс беру арқылы Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы санының көпшілік дауысымен оның мүшелерінің қатарынан сайланады. Директорлар кеңесі Төрағаны кез келген уақытта қайта сайлауға құқылы.

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның жиналысын өткізеді, сонымен қатар осы Жарғымен белгіленген өзге функцияларды жүзеге асырады.

Директорлар кеңесінің төрағасы жоқ болған жағдайда оның функцияларын Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес Директорлар кеңесі мүшелерінің біреуі атқарады.

6. Директорлар кеңесінің жиналысы оның Төрағасының немесе Басқарманың немесе келесілердің бастамасы бойынша шақырылуы мүмкін:

- 1) Директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Ішкі аудит қызметімен;
- 3) Банк аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйыммен;
- 4) Ірі акционердің.

Директорлар кеңесінің жиналысын шақыру туралы талап Директорлар кеңесінің жиналысы үшін ұсынылған күн тәртібі көрсетілген сәйкес келетін жазбаша хабарламаны жіберу арқылы Директорлар кеңесінің төрағасына ұсынылады.

Директорлар кеңесінің төрағасы жиналысты шақыру туралы бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен Банктің Басқармасына жүгінуге құқылы, ол Директорлар кеңесінің жиналысын шақыруға міндетті.

Директорлар кеңесінің жиналысы шақыру туралы талап түскен күннен бастап 10 (Он) күннен кешіктірілмей Директорлар кеңесінің төрағасымен немесе басқармамен шақырылуы керек.

Жиналыстың күн тәртібінің мәселелері бойынша материалдарды қоса тіркеумен Директорлар кеңесінің жиналысын өткізу туралы жазбаша хабарлама жиналысты өткізу күніне дейін 7 (Жеті) күнтізбелік күн бұрын Директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі керек. Директорлар кеңесінің жиналысын өткізу туралы хабарламада жиналысты өткізу күні, уақыты және орны, сонымен қатар оның күн тәртібі көрсетілуі керек.

Директорлар кеңесінің мүшесі Директорлар кеңесінің жиналысына оның қатыспайтындығы туралы Басқармаға алдын ала ескертуге міндетті.

Директорлар кеңесінің жиналысына арналған кворум Директорлар кеңесі мүшелерінің жартысынан кем болмауы керек.

Егер Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға жету үшін жеткіліксіз болса, Директорлар кеңесі Директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері тек осындай акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

6. Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер ҚР заңнамасымен өзгеше қарастырылмаса, Директорлар кеңесі мүшелері дауыстарының қарапайым көпшілігімен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда,

Директорлар кеңесі төрағасының немесе Директорлар кеңесінің жиналысында төраға болып отырған тұлғаның дауысы шешуші болып табылады.

Директорлар кеңесі өзінің жабық жиналысын өткізу туралы шешімді қабылдауға құқылы, оған тек Директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алады.

Көзбе-көз тәртіпте өткізілген Директорлар кеңесінің жиналысында қабылданған Директорлар кеңесінің шешімі хаттамамен рәсімделеді, оған жиналысты өткізген күннен кейінгі үш күннің ішінде жиналыста төрағалық еткен тұлға, жиналысқа қатысқан Директорлар кеңесінің мүшелері және Директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюлары керек және онда келесілер көрсетілуі керек:

- 1) Банктің толық атауы және Басқарманың орналасқан орны;
- 2) Жиналысты өткізу күні, уақыты және орны;
- 3) Жиналысқа қатысқан тұлғалар туралы мәліметтер;
- 4) Жиналыстың күн тәртібі;
- 5) Дауыс беруге қойылған мәселелер және Директорлар кеңесі жиналысының күн тәртібінің әрбір мәселесі бойынша Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің дауыс беру нәтижесін көрсетумен дауыс берудің қорытындылары;
- 6) Қабылданған шешімдер;
- 7) Директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге мәліметтер.

Директорлар кеңесі жиналысының хаттамалары және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған директорлар кеңесінің шешімдері Банктің мұрағатында сақталады.

Директорлар кеңесінің хатшысы Директорлар кеңесі мүшесінің талабы бойынша оған Директорлар кеңесі жиналысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған директорлар кеңесінің шешімдерін танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттамадан және шешімнен Банктің өкілетті жұмысшысының қолтаңбасымен және Банк мөрінің бедерімен куәландырылған үзінді көшірмені беруге міндетті.

Директорлар кеңесінің қарауын шығарылған мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы Директорлар кеңесімен шешімдерді қабылдау тәртібі Банктің ішкі нормативтік құжатымен қарастырылған.

Сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворумның бар болуы кезінде қабылданған болып мойындалады.

Директорлар кеңесінің сырттай жиналысының шешімі жаазбаша түрде рәсімделуі және оған Директорлар кеңесінің төрағасы мен хатшысы қол қоюлары керек.

